

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2019 жылдың 4-ші тоқсаны бойынша

1. Жеке тұлғалар салымдары нарығының үрдістеріне шолу

2019 жылдың соңғы тоқсанында жеке тұлғалардың депозиттерінің өсуі жеделдеді, тоқсанына 5,6% немесе 497 млрд. теңгені құрады, ал бір жыл ішінде жеке тұлғалардың депозиттері 6,1%-ға немесе 535 млрд. теңгеге өсті. Осылайша, жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы көлемі 2020 жылдың 1 қаңтарына 9,3 трлн теңгеге жетті (1-сурет).

Жеке тұлғалардың депозиттерінің өсуі негізінен теңгелік депозиттердің ұлғаюы есебінен болды. 2019 жылдың төртінші тоқсанында теңгедегі депозиттер 10,6%-ға немесе 518 млрд теңгеге артып, 2020 жылдың 1 қаңтарына 5,4 трлн теңгені құрады (2-сурет).


Ұлттық валютаның 2%-ға нығаюы нәтижесінде шетел валютасындағы салымдарды қайта бағалау депозиттердің өсуіне теріс ықпал етті. Қайта бағалау әсерін есептегенде депозиттердің өсуі 6,4% құрады.

Шетел валютасындағы депозиттер есепті кезеңде 21 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға азайды және 3,9 трлн. теңгені құрады. Валюталық қайта бағалауды есептегенде, шетел валютасындағы салымдар 1,2%-ға немесе 48 млрд теңгеге өсті (1, 2-сурет).


Екінші тоқсаннан бастап жеке тұлғалардың салымдарының оң өсу қарқыны байқалады, бұл ішінара маусымдық факторға байланысты – жылдың аяғында халықтың жинақтау белсенділігі артады.

Теңгедегі депозиттердің өсуі барлық сегменттерде байқалды – ірі және көпшілік депозиттер өсті (3-сурет). Ірі салымшылардың теңгелік депозиттерді таңдауына әсер еткен фактор теңгедегі салымдардың тиімдірек шарттары. Осылайша, төртінші тоқсанда теңгедегі ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері 14,6%-ға дейін өсті. Бір жылдан жоғары мерзімдегі шетел валютасындағы жинақ салымдары бойынша кірістілік 2%-дан аспайды.


1-сурет



2-сурет




3-сурет



2018 жылдың соңынан басталған шетел валютасындағы депозиттердің жылыстауы осы күнге дейін жалғасуда, бірақ аз мөлшерде. Шетел валютасындағы депозиттердің жылыстауы негізінен депозиттік базаны долларландырудың жоғары деңгейі сақталған банктерде байқалады. Шетел валютасындағы ірі депозиттердің негізгі мерзімдері (жоғары пайыздық мөлшерлемелер кезеңінде ашылған) 2021 жылдың аяғына дейін біркелкі бөлінгенін ескере отырып, шетел валютасындағы депозиттердің азаюы жалғасуы мүмкін, бірақ банк секторының тұрақтылығына әсер етпейтін аз мөлшерде.

4-сурет

Теңгедегі депозиттердің түрлері бөлігіндегі өсімі



2. Ұлттық валютадағы депозиттер


- *Көпшілік сегмент – 20 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер*
- *Ортаңғы сегмент – 20-50 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер*
- *Ірі сегмент – 50 млн. теңгеден асатын қалдықтары бар депозиттер*

2019 жылдың төртінші тоқсанындағы теңгедегі депозиттердің негізгі түсімі желтоқсан айында болды, өсім 309 млрд теңгені құрады (4-сурет).

5-сурет

Теңгедегі депозиттердің өсуінің негізгі және тұрақты драйвері жинақ депозиттері болып табылады. Үш ай ішінде олар тұрақты өсуді көрсетті және тоқсан ішінде 146 млрд. теңгеге өсті (+67%). Сыйақының бір бөлігін мемлекет субсидиялайтын салымдар да банктердің теңгедегі депозиттік базасының өсуінде маңызды рөл атқарады: тоқсан ішінде олардың өсімі 90 млрд. теңгені құрады (+12%) (4, 5-сурет).

Теңгедегі депозиттердің өсуіне компоненттердің үлесі



Тұрақсыздау болып табылатын мерзімсіз депозиттер олардың көлемінің үлкендігіне байланысты жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы көлеміне едәуір әсер етеді. Тоқсан ішінде олар 126 млрд. теңгеге өсті (+4%).

Барлық сегменттерде теңгедегі депозиттердің түсімі байқалды. Жалпы алғанда, тоқсандағы жаппай сегмент 11% немесе 411 млрд. Теңгеге өсті. Теңгедегі ірі салымдар 60 млрд теңгеге (+ 7%) артты.

Көпшілік сегмент бұрынғыша теңгедегі депозиттермен ұсынылған: осы сегменттегі теңгедегі депозиттер 76%, ал шоттар саны бойынша – 94%. Ұзақ уақыт бойы дәл осы сегмент депозиттік базаның теңгелік бөлігінің өсуін қамтамасыз етуде.

6-сурет

3. Қорландыру тұрақтылығы

Жинақ және мерзімді депозиттер банк секторын тұрақты қаржыландырудың негізі болып табылады. 2018 жылдың 1 қазанынан бастап депозиттердің осы түрімен теңгедегі депозиттердің жаңа желісі ұсынылды, ал 2019 жылғы 1 маусымда банктер шетел валютасындағы жинақ және мерзімді салымдарды ұсына бастады.


Депозиттік базаның 82%-ы бір жылдық және одан жоғары мерзімдегі депозиттерден тұрады (6-сурет), дегенмен іс жүзінде бұл депозиттердің басым көпшілігі мерзімсіз және салымшылар оларды кез келген уақытта ешқандай шектеусіз алып қоюы мүмкін.

Алайда, теңгедегі депозиттердің жалпы көлеміндегі теңгедегі жинақ және мерзімді депозиттердің жалпы үлесі ұлғаюды жалғастыруда және төртінші тоқсанның аяғында ол 7,6% жетті (7-сурет), бірақ бұл негізінен жинақ салымдарының көлеміне байланысты. Ағымдағы жылдың басынан бастап жинақ салымдарының көлемі 14 есеге, ал үлесі 12 есеге өсті.

Тұрақты депозиттердің негізін жинақ депозиттері құрайды. Теңгедегі мерзімді салымдар көлемі біртіндеп азаюда және тоқсанның басынан бастап олар 8%-ға төмендеп, 49 млрд теңгені құрады. Қарама-қарсы жағдай ұлттық валютадағы жинақ депозиттеріне қатысты, олар халық арасында танымал болуда және бүгінде олардың көлемі 82,9 мың шоттарда орналастырылған 363 млрд теңгеге жетті. Тоқсандағы жинақ салымдарының өсімі осы кезеңде 146 млрд теңгеге артып, 67% құрады (8-сурет).


Мерзімді салымдар негізінен толтыру құқығы бар депозиттермен ұсынылған – 80%, ал жинақ салымдары толтыру құқығынсыз қызықтырақ – 87%. Тұрақты депозиттердің 88%-ы ұзақ мерзімді несиелеуге бағытталуы мүмкін қаржыландыруды құра отырып, бір жыл немесе одан ұзақ мерзімге ашылған.

01.01.2020ж. депозиттердің құрылымы



7-сурет


01.01.2020ж. теңгедегі салымдардың түрлері бойынша құрылымы



*МБЖЖ – мемлекеттік білім беру жинақ жүйесі
ТҚЖ – тұрғын үй құрылыс жинақтары

8-сурет

Теңгедегі депозиттердің өзгерісі



Халық шетел валютасында мерзімді және жинақ салымдарға көбірек қызығушылық танытады, олар 2020 жылғы 1 қаңтарда тиісінше 164 млрд және 136 млрд теңгені құрады. Шетел валютасындағы жинақ салымдары өсу қарқыны бойынша шетел валютасындағы мерзімді депозиттерден алда келеді. Шетел валютасындағы жинақ пен мерзімді салымдардың басым көпшілігі (99,6%) бір жылға немесе одан да ұзақ мерзімге ашылған.


4. Валюталық салымдар. Долларлану

Жеке тұлғалардың депозиттерінің долларландыруы 2020 жылдың 1 қаңтарына 41,8% құрады. Өткен тоқсанмен салыстырғанда ол 2,6%-ға төмендеді (9-сурет). Жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру деңгейінің төмендеу себептері, біріншіден, шетел валютасындағы салымдарды теңгеге айырбастауы, екіншіден, шетел валютасындағы депозиттердің жылыстауы болды.

Депозиттер нарығының сегментіне байланысты салымдарды долларландыру деңгейі ерекшеленеді. Көпшілік сегментте бұл ең төмен мөлшерде: көлемі бойынша долларландыру 24%, ал шоттар саны бойынша ол 6% құрайды.

Ірі депозиттер сегментінде долларландыру деңгейі жылыстауға және шетел валютасындағы ірі депозиттердің бір бөлігінің теңгеге ауысуына байланысты төмендеді және 71% құрады (10-сурет). Осы уақытқа дейін шетел валютасындағы ірі салымшылардың ұлттық валюта пайдасына қарай шамалы қозғалысы байқалды. Шетел валютасы мен теңгедегі депозиттер арасындағы кірістіліктің едәуір алшақтығы, теңгенің еркін өзгермелі бағамына көшу, бұл ретте валюта бағамының айырмашылығында ақша жасаудың қиындауы, шетел валютасындағы депозиттер бойынша жоғары сыйақы мөлшерлемелер кезеңінде жасалған шарттардың мерзімінің аяқталуы – барлық аталған факторлар ірі валюталық салымшылардың капиталды инвестициялау стратегиясын қайта қарауына ықпал етеді.

Жеке тұлғалар депозиттерінің долларлану динамикасы



10-сурет

01.01.2020ж. сегменттер бөлінісінде долларлану

